

**Кәсіпшілік балық аулауды жүргізу үшін бекітіп берілген балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін балық өсіруді (акваөсіруді) жүргізуге арналған балық шаруашылығы су айдындарына және (немесе) учаскелеріне ауыстыру қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 27 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 31 қаңтарда № 19957 болып тіркелді.

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 77-10) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жана редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 16.03.2022 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Кәсіпшілік балық аулауды жүргізу үшін бекітіп берілген балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін балық өсіруді (акваөсіруді) жүргізуге арналған балық шаруашылығы су айдындарына және (немесе) учаскелеріне ауыстыру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күн ішінде Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Кәсіпшілік балық аулауды жүргізу үшін бекітіп берілген балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін балық өсіруді (акваөсіруді) жүргізуге арналған балық шаруашылығы су айдындарына және (немесе) учаскелеріне ауыстыру қағидалары**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Кәсіпшілік балық аулауды жүргізу үшін бекітіп берілген балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін балық өсіруді (акваөсіруді) жүргізуге арналған балық шаруашылығы су айдындарына және (немесе) учаскелеріне ауыстыру қағидалары (бұдан әрі – Қағида) "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 9-бабы 1-тармағының 77-10) тармақшасына сәйкес әзірленді және кәсіпшілік балық аулауды жүргізу үшін бекітіп берілген балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін балық өсіруді (акваөсіруді) жүргізуге арналған балық шаруашылығы су айдындарына және (немесе) учаскелеріне ауыстыру тәртібін белгілейді.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 16.03.2022 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) акваөсіру – балық ресурстарының және басқа да су жануарларының жасанды өсімін молайту және өсіру;

2) балық өсіру – акваөсірудің кәсіпкерлік қызмет мақсатында балықтардың өсімін жасанды молайту және өсіру жөніндегі бағыты;

3) балық өсіру материалы – балық өсіру объектісіне қарай, су айдындарына балық жіберуге арналған дернәсілдер, құртшабақтар, шабақтар және балықтардың жасына байланысты басқа да топтары;

4) балық шаруашылығы – балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғаумен, өсімін молайтумен, акваөсірумен, балық өсірумен, балық аулаумен, сондай-ақ қайта өңдеумен және өткізумен байланысты шаруашылық қызмет түрі;

5) балық шаруашылығы субъектісі – қызметінің негізгі бағыты балық шаруашылығын жүргізу болып табылатын жеке және заңды тұлға;

6) биологиялық негіздеме – жануарлар дүниесін пайдалануға, жануарлар дүниесі объектілерінің жол берілетін аулау мөлшерін анықтауға, сондай-ақ жануарлар

дүниесінің объектілері мен олардың мекендеу ортасына ықпал етуге қабілетті қызметке арналған ғылыми негізделген қорытынды;

7) кәсіпшілік балық аулау – балық ресурстарын және басқа да су жануарларын бір мезгілде көп мөлшерде аулауға мүмкіндік беретін және (немесе) су айдынының (кәсіпшілік аулау құралдарымен) бір бөлігін қамтитын, бөліп тұратын аулау құралдарымен мекендеу ортасынан балық ресурстарын және басқа да су жануарларын алып қоюды қамтамасыз ететін кешенді процесс;

8) комиссия – аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру бойынша конкурс өткізу қағидаларына және конкурсқа қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 18-04/245 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11227 тіркелген) бір облыстың аумағында орналасқан халықаралық және республикалық маңызы бар және жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру бойынша уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері құратын конкурстық комиссия (бұдан әрі – комиссия);

9) көлде тауарлы балық өсіру шаруашылығы (бұдан әрі – КТБӨШ) – табиғи және жасанды су айдындарында ихтиофаунаны толық немесе ішінара ауыстыру арқылы жартылай ерікті бақыланатын жағдайларда балықтар мен басқа да су жануарларын өсіру жөніндегі шаруашылық қызмет түрі;

10) су айдындарына балық жіберу – өз өсімін өзі молайтатын популяцияларды жасау, балықтардың бағалы, сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген түрлерін сақтау және (немесе) тауарлы өнім алу мақсатында су айдындарына және (немесе) учаскелерге балық өсіру материалы мен балықтар жіберу;

11) тор қоршамада балық өсіру шаруашылығы (бұдан әрі – ТҚБӨШ) – табиғи және жасанды су айдындарында орналасқан және жартылай ерікті бақыланатын жағдайларда ұстауға мүмкіндік беретін арнаулы құрылғыларда (тор қоршамаларда) балықтар мен басқа да су жануарларын өсіру жөніндегі шаруашылық қызмет түрі.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 02.06.2021 № 179 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**2-тарау. Кәсіпшілік балық аулауды жүргізу үшін бекітіп берілген балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін балық өсіруді (акваөсіруді) жүргізуге арналған балық шаруашылығы су айдындарына және (немесе) учаскелеріне ауыстыру тәртібі**

3. Балық өсіруді (акваөсіруді) жүргізу үшін:

1) КТБӨШ үшін балықтың басымдылығы аз түрлері бар және табиғи балық өнімділігі төмен, шағын көлдер мен су қоймалары, теңіздердің, өзендер мен су

қоймаларының бөлінген шығанақтары, жергілікті маңызы бар басқа да оқшауланған су айдындары (немесе) учаскелері;

2) ТҚБӨШ үшін желден және ағыстардан қорғалған балық кәсіпшілігі су айдындарының оқшауланған учаскелер акваториясы (шығанақтар, лимандар) қолданылады.

4. Балық шаруашылығы субъектісі жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы аккредиттелген ғылыми ұйымның биологиялық негіздемесі болған кезде, кәсіпшілік балық аулауды жүргізу үшін бекітіліп берілген балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін балық өсіру шаруашылығын (акваөсіру) жүргізуге арналған балық шаруашылығы су айдындарына және (немесе) учаскелеріне ауыстырады

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 31.05.2022 № 196 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

5. Балық шаруашылығы субъектісі кәсіпшілік балық аулауды жүргізу үшін бекітіп берілген балық өсіруді су айдындарын және (немесе) учаскелерін балық өсіруді (акваөсіруді) жүргізуге арналған балық шаруашылығы су айдындарына және (немесе) учаскелеріне ауыстыру кезінде уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне мынадай құжаттарды ұсынады:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кәсіпшілік балық аулауды жүргізу үшін бекітіп берілген балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін балық өсіруді (акваөсіруді) жүргізуге арналған балық шаруашылығы су айдындарына және (немесе) учаскелеріне ауыстыру туралы өтініш;

2) биологиялық негіздеме;

3) "Аңшылық және балық шаруашылықтары субъектілерін дамыту жоспарының үлгілік нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 18-04/287 бұйрығымен бекітілген үлгілік нысан бойынша балық шаруашылығы субъектісінің басшысы бекіткен балық шаруашылығы субъектілерін дамыту жоспары (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10890 болып тіркелген) (бұдан әрі – даму жоспары).

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 16.03.2022 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

6. Уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі бес жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 5-тармағында көзделген құжаттарды қарайды және комиссияның қарауына шығарады.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 16.03.2022 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

7. Комиссия бес жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттарды қарайды және кәсіпшілік балық аулауды жүргізуге арналған бекітіп берілген балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін балық өсіруді (акваөсіруді) жүргізуге арналған балық шаруашылығы су айдындарына және (немесе) учаскелеріне ауыстыру жөніндегі комиссияның хаттамасын осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кәсіпшілік балық аулауды жүргізу үшін бекітіп берілген балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін балық өсіруді (акваөсіруді) жүргізуге арналған балық шаруашылығы су айдындарына және (немесе) учаскелеріне ауыстыру бойынша шешім қабылдау үшін жергілікті атқарушы органдарға хаттаманы жібереді.

8. Жергілікті атқарушы орган комиссия хаттамаға қол қойған күннен бастап он жұмыс күні ішінде тиісті облыстың немесе ауданның шегінде кәсіпшілік балық аулауды жүргізу үшін бекітіп берілген балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін балық өсіруді (акваөсіруді) жүргізуге арналған балық шаруашылығы су айдындарына және (немесе) учаскелеріне ауыстыру жөнінде шешім шығарады.

9. Кәсіпшілік балық аулауды және (немесе) шарбақ шаруашылығын жүргізу үшін бекітіп берілген балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін балық өсіруді (акваөсіруді) жүргізуге арналған балық шаруашылығы су айдындарына және (немесе) учаскелеріне ауыстыру жөніндегі жергілікті атқарушы органның шешімі негізінде бес жұмыс күні ішінде "Аңшылық, балық шаруашылықтарын жүргізуге арналған шарттардың үлгі нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары-Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 542 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18158 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері мен балық шаруашылығы субъектісі арасында балық шаруашылығын жүргізуге арналған шарт (көл-тауарлы балық өсіру шаруашылығын немесе тор қоршамада балық өсіру шаруашылығын жүргізу кезінде) 49 жыл мерзімге жасалады.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 02.06.2021 № 179 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

10. Су айдындарын және (немесе) учаскелерін балық өсіруді (акваөсіруді) жүргізу үшін пайдалануға балық шаруашылығын жүргізуге арналған шарт негіз болып табылады.

11. Жалған және толық емес ақпараттар мен құжаттар пакеті ұсынылмаған жағдайда осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген мерзімде кемшіліктерді жою және құжаттарды қарауға қайта енгізу мүмкіндігін бере отырып, балық шаруашылығы субъектісіне жазбаша дәлелді бас тартуды береді.

Осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген мерзімде дәлсіздіктер мен кемшіліктер жойылған жағдайда, балық шаруашылығы субъектісі құжаттарды жергілікті атқарушы органға қайта ұсынады.

12. КТБӨШ және ТҚБӨШ өсірілген балықтар мен басқа да су жануарлары балық шаруашылығы субъектісінің меншігі болып табылады.

Кәсіпшілік балық аулауды  
жүргізу үшін бекітіп берілген  
балық шаруашылығы су  
айдындарын және (немесе)  
учаскелерін балық өсіруді  
(акваөсіруді) жүргізуге арналған  
балық шаруашылығы су  
айдындарына және (немесе)  
учаскелеріне ауыстыру  
қағидаларына  
1-қосымша  
Нысан

**Өтініш кәсіпшілік балық аулауды жүргізу үшін бекітіп берілген балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін балық өсіруді (акваөсіруді) жүргізуге арналған балық шаруашылығы су айдындарына және (немесе) учаскелеріне ауыстыру туралы**

Ауыстыруды сұраймын \_\_\_\_\_

(су айдыны немесе учаскесінің атауы)

жергілікті атқарушы органның бекітілген қаулысына сәйкес "\_\_\_" \_\_\_\_\_

20\_\_ жылғы №\_\_ және балық шаруашылығын жүргізу шарты "\_\_\_" \_\_\_\_\_

20\_\_ жылғы №\_\_ балық шаруашылығын жүргізу үшін (акваөсіру).

1. Балық шаруашылығы субъектісі туралы мәлімет:

\_\_\_\_\_  
(жеке немесе заңды тұлғаның атауы,  
тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

2. Ауыстыру жоспарланған балық шаруашылығын (көлде тауарлы балық өсіру шаруашылығы, тор қоршамада балық өсіру шаруашылығы) жүргізу (акваөсіру)

3. Су айдыны немесе учаскесінің балық шаруашылығын жүргізу үшін мәлімделген мерзімі (акваөсіру) \_\_\_\_\_

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және жалған мәлімет бергенім үшін

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын.

Ақпараттық жүйелерде заңмен қорғалатын құпиядан тұратын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Берілген күні: "\_\_\_" \_\_\_\_\_ 20\_\_ жылғы.

Балық шаруашылығы субъектісі \_\_\_\_\_

(жеке немесе заңды тұлғаның атауы,  
тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Қолы \_\_\_\_\_

Мөр орны

(жеке кәсіпкерлік  
субъектісі болып табылатын  
адамдарды қоспағанда)

Кәсіпшілік балық аулауды  
жүргізу үшін бекітіп берілген  
балық шаруашылығы су  
айдындарын және (немесе)  
учаскелерін балық өсіруді  
(акваөсіруді) жүргізуге арналған  
балық шаруашылығы су  
айдындарына және (немесе)  
учаскелеріне ауыстыру  
қағидаларына  
2-қосымша  
Нысан

**Хаттама кәсіпшілік балық аулауды жүргізу үшін бекітіп берілген балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін балық өсіруді жүргізуге арналған (акваөсіруді) балық шаруашылығы су айдындарына және (немесе) учаскелеріне ауыстыру жөніндегі комиссиялар)**

\_\_\_\_\_ " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_ жылғы  
(елді мекен)

1. Комиссияның құрамында:

\_\_\_\_\_ – комиссия төрағасы;

\_\_\_\_\_ – комиссия хатшысы;

комиссия мүшелері:

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

құрылған \_\_\_\_\_

(актіні көрсету, комиссия құру, су айдынын немесе учаскесін  
бекіту, құжаттың саны мен нөмірі)

2. Комиссия кәсіпшілік балық аулауды жүргізу үшін бекітіп берілген балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін балық өсіруді (акваөсіруді) жүргізуге арналған балық шаруашылығы су айдындарына және (немесе) учаскелеріне ауыстыру жөніндегі ұсынылған құжаттарды қарап және пікір алмасып, ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1) өтініш пен құжаттарды одан әрі қараудан бас тарту (балық шаруашылығы субъектілерінің тізімі, өтініш пен құжаттарды қабылдамау себептерін көрсете отырып, қоса беріледі);

2) кәсіпшілік балық аулауды жүргізу үшін бекітіп берілген балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелерін балық өсіруді (акваөсіруді) жүргізуге арналған балық шаруашылығы су айдындарына және (немесе) учаскелеріне ауыстыруға (балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің тізімі қоса беріледі).

3. Хаттаманың бір данасы шешім қабылдау үшін жергілікті атқарушы органға жіберілсін.

Қолдар:

Комиссия төрағасы: \_\_\_\_\_

Комиссия мүшелері:

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Хатшы: \_\_\_\_\_